**«5% пайда» АКЦИЯ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

**Акцияны өткізу кезеңі** – 2026 жылғы «12» мамырдан 2026 жылғы «31» тамызды қоса алғанға дейін.
**Карта** - Банк шығарған Mastercard немесе Visa ALL IN дебеттік карта7
**Жаңа Карта** – Акция кезінде ашылған Карта. Сонымен қатар Жаңа Карталарға акция басталған күнге дейін соңғы 180 (жүз сексен) күн ішінде қолданыстағы Картасы болмаған клиенттер рәсімдеген Карталар жатады. Қайта шығарылған Карталар Жаңа Карталар болып табылмайды.
**Сатып алу** - Картаны немесе оның деректемелерін пайдалана отырып, (POS және/немесе E-commerce) Серіктесте тауарлар/жұмыстар/қызметтер төлемі операциясы.
**Серіктестер** - Банктің серіктестері болып табылатын заңды тұлға/жеке кәсіпкерлер. Серіктестер тізімі мобильді қосымшада және/немесе Банктің сайтында жарияланған.
**Бірінші Сатып алу** - күні бойынша Жаңа Картаны пайдалана отырып сәтті жүргізілген бірінші Сатып алу.
**Акцияға қатысушылар** - Банктің бейілділік бағдарламасының талаптарына сай келетін және Банк Карталарын ұстаушысы болып табытын жеке тұлғалар.

**1. Акцияға қатысу талаптары**
1.1. Акция Банктің бейілділік бағдарламасының ережелері шеңберінде және «B-Bonus+» белсенді жазылымын ескере отырып жүргізіледі.
1.2. Акцияға қатысу үшін Қатысушының Акцияны өткізу кезеңінде Банктің серіктестерінен Сатып алуды жүзеге асыру қажет.

**2. Кешбэк есептеу талаптары**
2.1. Акция талаптарын орындаған кезде Қатысушыға кешбэк келесі мөлшерде есептеледі:
- Серіктестен Сатып алу сомасының 5%.
- Жаңа картаны пайдалана отырып Бірінші Сатып алу сомасының 20% (Welcome кешбэк).
2.2. Кешбэкті есептеу:
- сәтті жүргізілген сатып алулар бойынша;
- Банктің операцияны өңдеу фактісі бойынша;
- Банктің бейілділік бағдарламасының ережелерінде белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылады.

**3. Кешбэк есептеу лимиттері**
3.1. Күн сайынғы лимит 3 000, ай сайынғы - 15 000.
3.2. Көрсетілген лимиттер Банктің бейілділік бағдарламасының ережелеріне сәйкес бонустарды есептеудің жалпы ай сайынғы лимитіне кіреді.

**4. Өзге талаптар**
4.1. Банк Акция қатысушыларын Банктің https://www.berekebank.kz сайтында Ережелердің жаңа редакциясын жариялау арқылы хабарландыра отырып, Акция Ережелеріне өзгертулер енгізуге құқылы. Сонымен қатар Банк Акцияға қатысушыларға Ережеледің өзгеруі туралы маркетингтік және/немесе ақпараттық материалдарды ұсыну жолымен хабарландыруға да құқылы.
4.2 Акцияға қатысушылар Акция Ережелерімен және https://www.berekebank.kz сайтында орналасқан өзекті өзгертулермен өз бетінше танысады.
4.3 Банк Акция Қатысушыларына мұндай шешім туралы алдын ала хабарландырмай, Акцияны өткізуді біржақты тәртіппен тоқтату немесе уақытша тоқтата тұру құқығын өзіне қалдырады.
4.4 Банк Акция қатысушыларының Акцияға қатысуына байланысты пайда болуы мүмкін ақшалай залалдардың, ұсталымдардың және өзге де кез келген шығындардың орнын толтырмайды және қайтармайды.
4.5 Ережелерге кез келген өзгертулер мен толықтырулар Банк көрсеткен күннен бастап күшіне енеді және Акцияға қатысушыларына қолданылады. Ережелердің жаңа редакциясы күшіне енгеннен кейін Клиенттің ағымдағы шоттар бойынша/Карталарды пайдалана отырып операциялар жүргізуі Клиенттің жаңа Ережелермен келісуін білдіреді.